

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.

28 желтоқсан 2020 жыл

### **KASE өзінің капиталындағы MOEX үлесінің 13,1 % дейін ұлғайғаны туралы хабарлайды**

2020 жылдың 28 желтоқсанында "Қазақстан қор биржасы" (KASE немесе Биржа) KASE және MOEX арасындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге (Келісім) сәйкес жасалған мәміленің екінші кезеңі шегінде өзінің 108 504 акциясын "Мәскеу Биржасы" КАҚ (MOEX немесе Мәскеу биржасы)-на сатты.

Бірінші кезеңде KASE 2019 жылдың қаңтарында Мәскеу биржасына 32 360 акциясын сатуды жүзеге асырды. Нәтижесінде, Биржаның жарғылық капиталындағы MOEX үлесі орналастырылған акциялардың 3,32 % құрады.

**Мәміленің қорытындысы бойынша, бүгінгі таңда Мәскеу биржасының KASE капиталындағы үлесі 13,10 % құрайды.**

KASE және MOEX арасында 2018 жылдың 10 қазанында стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Келісіммен бекітілген биржалар ынтымақтастығының негізгі мақсаттары қазақстандық және ресейлік сауда-саттыққа қатысушыларға және екі елдің нарықтарына өзара қол жеткізу, инвесторларына инфрақұрылымның сенімділігін арттыру және орталық контрагент институтын дамыту есебінен нарықтық тәуекелдерді төмендету; KASE нарықтарының өтімділігін арттыру, клиринг, тәуекелдерді басқару және жаңа биржалық құралдарды жасау мақсатында MOEX сауда-клирингтік технологияларын пайдалану болып табылады. Келісімде сондай-ақ KASE нарықтарына MOEX сауда-клирингтік жүйелерін енгізу және KASE жарғылық капиталындағы Мәскеу биржасының үлес сатып алу көзделген.

Келісім аясында KASE қор, ақша және валюта нарықтарында ASTS+ жаңа сауда-клирингтік жүйелері енгізілді. Қазіргі уақытта ASTS+ жүйесінде үш биржалық нарықтың 1 мыңнан астам қаржы құралдарының сауда-саттығы жүргізілуде. Қор нарығында жаңа жүйе енгізілгеннен кейін KASE осы нарықта орталық контрагент (ОК) қызметін көрсете бастады.

2020 жылдың 28 желтоқсанындағы жағдай бойынша, KASE негізгі акционері Қазақстанның Ұлттық Банкі болып табылады, оның капиталдағы үлесі 43,89 % құрайды.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы, қазіргі заманғы технологияларға ие және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтерінің толық спектрін көрсетеді.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" Бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін ашық инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне белсенді ықпал етеді.

Толық ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.